

БАЛАЛАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Сағынбаева Айгерім

Ерболатқызы

saginbayevas@mail.ru

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының II курс магистранты Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, PhD – Матаев Б.А.

Аңдатпа. Бұл мақалада балалардағы әлеуметтік бейімделудің мәні, оның қалыптасу ерекшеліктері және білім беру үдерісіндегі рөлі қарастырылады. Әлеуметтік бейімделу – тұлғаның қоғамда тиімді өмір сүруіне негіз болатын күрделі психологиялық-педагогикалық процесс. Зерттеу барысында бейімделудің негізгі кезеңдері, оған әсер ететін факторлар және оны дамыту жолдары талданады. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында әлеуметтік бейімделуді қалыптастырудың тиімді әдістері ұсынылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік бейімделу, әлеуметтену, тұлға, бала, білім беру, психологиялық даму, қарым-қатынас.

Қазіргі қоғам жағдайында баланың жан-жақты дамуы мен оның әлеуметтік ортаға табысты кірігуі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе, білім беру жүйесінде оқушының тек академиялық білім алуымен шектелмей, оның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Осы тұрғыда әлеуметтік бейімделу ұғымы ерекше мәнге ие.

Сонымен қатар, бейімделу адамның бүкіл өмірі барысында маңызды рөл атқарады, ал тұлғаның кейінгі өмірінде бұл үдерістің қаншалықты табысты жүзеге асуы оның балалық шақтағы бейімделу деңгейіне тікелей байланысты.

Аталған ұғымның мәніне тоқталатын болсақ, философиялық сөздікке сәйкес, әлеуметтік бейімделу деп – бұл жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуінің ерекше бір түрі ретінде қарастырылады [1]. Бұл көзқарасты үздіксіз үдеріс ретінде түсіндіруге болады, себебі кез келген адам әлеуметтік ортамен тұрақты түрде қарым-қатынасқа түседі [2].

Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік бейімделу ұғымы әртүрлі қырынан қарастырылады. Философиялық тұрғыдан ол тұлға мен қоғам арасындағы өзара әрекеттесу процесі ретінде сипатталады. Психологиялық тұрғыда бейімделу – адамның ішкі мүмкіндіктері мен сыртқы орта талаптарының сәйкестігін қамтамасыз ететін үдеріс.

Ресейлік психолог А.А. Реанның пайымдауынша, әлеуметтік бейімделу деп – бұл әлеуметтік ортаға белсенді ықпал етуді қамтитын үдеріс, сонымен қатар әлеуметтік сұранысқа бағытталған өзін-өзі түзету әрекеттерін де қамтиды [3]. Бұл тұрғыда тұлғаның әлеуметтік ортаны өзгертуге немесе оны өзіне бейімдеуге бағытталған әлеуеті ерекше мәнге ие [4].

Жалпы тұлғаның әлеуметтенуі үш негізгі критерийді қамтиды: когнитивтік, мотивациялық және іс-әрекеттік [4]. Біріншісі – индивидтің әлеуметтік ортаға бейімделуі үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгеруін білдіреді. Екіншісі – әлеуметтік іс-әрекеттің түрлі формаларын, қарым-қатынас түрлерін және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің алуан қырларын қамти отырып, сондай-ақ осы іс-әрекетке өзінің қатысуын адекватты бағалауды көздейді. Үшінші критерий тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді игеруін сипаттайды [5].

Ал, гуманистік психология өкілдері, соның ішінде А. Оллпорт, А.

Маслоу, К. Роджерс әлеуметтенуді «Мен-тұжырымдаманың» өзін-өзі жүзеге асыру үдерісі, тұлғаның өз әлеуеті мен шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруы, сондай-ақ оның өзін-өзі дамытуы мен бекітуіне кедергі келтіретін ортаның жағымсыз әсерлерін жеңу үдерісі ретінде қарастырады [6].

Балалардағы бейімделудің табысты жүзеге асуына адаптивтілік қасиеті ықпал етеді. Бұған дәлел зерттеуші-ғалым В.А. Петровский оны былай анықтайды: «...бұл мақсатқа бағытталған жүйенің қызмет ету үрдісіндегі мақсаттар мен қол жеткізілген нәтижелердің сәйкестігімен анықталатын тенденция. Адаптивтілік мақсаттар мен нәтижелердің үйлесімділігін білдіреді» [7].

Баланың әлеуметтік бейімделуі оның жас ерекшеліктеріне байланысты кезең-кезеңмен жүзеге асады. Мектепке дейінгі кезеңде бала алғашқы әлеуметтік тәжірибені меңгерсе, мектеп кезеңінде ол әлеуметтік рөлдерді игере бастайды.

Жоғарыдағы ғылыми әдебиеттерге шолу жасай отырып, біздің пікірімізше

«балалардағы әлеуметтік бейімделуді қалыптастыру дегеніміз - бұл әлеуметтік маңызды мінез-құлықты игеруге және қоршаған ортамен тиімді өзара әрекеттесуге бағытталған кешенді үдеріс» - деп түсінік беруімізге негіз бола алады. Бұл үдеріс балабақшаға және мектепке түсу сияқты жаңа жағдайларға (режимге, ережелерге, адамдарға) үйренуді қамтиды.

Сонымен бірге, әлеуметтік бейімделу деп – баланың қоршаған әлеуметтік ортаға икемделуі, ондағы нормалар мен құндылықтарды меңгеруі, өз орнын табуы және қоғаммен тиімді өзара әрекеттесу қабілетінің қалыптасуы. Бұл процесс баланың тұлғалық дамуының негізін құрайды және оның болашақтағы өмір сапасына тікелей әсер етеді.

Олай болса, балалардағы әлеуметтік бейімделуді қалыптастырудың жолдарына мыналарды жіктеуімізге болады:

1. **Қолайлы психологиялық-педагогикалық орта құру.** Баланың өзін қауіпсіз сезінуі, еркін қарым-қатынас жасауы үшін қолайлы орта қалыптастыру маңызды. Мұғалімнің қолдаушы позициясы ерекше рөл атқарады.

2. **Коммуникативтік дағдыларды дамыту.** Балаларды диалогқа түсуге, өз ойын жеткізе білуге, тыңдай білуге үйрету әлеуметтік бейімделудің негізі болып табылады.

3. **Ойын технологияларын қолдану.** Әсіресе мектепке дейінгі және бастауыш сынып кезеңінде ойын арқылы әлеуметтік рөлдерді меңгеру тиімді әдіс болып саналады.

4. **Топтық жұмыстар ұйымдастыру.** Топтық тапсырмалар балаларды ынтымақтастыққа, жауапкершілікке, өзара көмекке үйретеді.

5. **Инклюзивті білім беру әдістері.** Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоғамға кіріктіру олардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етеді.

6. **Психологиялық қолдау көрсету.** Мектеп психологының жұмысы, тренингтер мен түзету бағдарламалары бейімделу процесін жеңілдетеді.

7. **Отбасымен бірлескен жұмыс.** Ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу баланың әлеуметтік дамуын қолдаудың маңызды шарты болып табылады.

Педагогикалық бақылау барысында алынған эмпирикалық деректерден бөлек, бұл мәселеге қатысты басқа да көзқарастар бар. Балалардың әлеуметтік бейімделуінің жолдарына көптеген кедергілерді атап айтуға болады.

Бұл тұрғыда, ізденуші О.С. Газман баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіретін бірқатар мәселелерді былай бөліп көрсетеді [8]:

1. Педагог бала үшін проблема емес құбылысты мәселе ретінде қабылдайды;
2. Керісінше, бала маңызды деп санайтын мәселені педагог елемейді;
3. Педагог туындаған мәселе үшін жауапкершілікті балаға жүктейді;
4. Педагогтар арасында балаға қатысты мінез-құлық стратегиясы мен

тактикасы жөнінде пікір алшақтығы болады;

5. Педагогтың кәсіби даярлық деңгейінің жеткіліксіздігі;

6. Педагогикалық үдерістің басқа қатысушыларын (психолог, әлеуметтік қызметкер, әдіскер, дефектолог) елемеу, оларды балаға емес, педагогқа қажетті қосымша көмекші ретінде қарастыру;

7. Аталған қызметтердің мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланбау.

Балалардағы әлеуметтік бейімделуді ғана емес, жалпы педагогикалық үдерісті де қиындататын аталған факторларды еңсеру үшін, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген факторлар мен тәсілдерді талдау негізінде педагогқа төмендегілер қажет болады [9]:

1. Балалар психологиясын жалпы түрде ғана емес, нақты жас ерекшелік топтары бойынша (бастауыш сынып оқушылары, жасөспірімдер) жүйелі түрде зерделеу, жастар өміріне қатысты жаңа ғылыми әдебиеттер мен мақалалармен танысу.

2. Балалардың бастамасы бойынша бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру; баланың қатысуы ерікті түрде болуы тиіс.

3. Тек біліктілікті арттыру курстарына ғана емес, сондай-ақ балаға жақындасуға мүмкіндік беретін, педагогикалық тәсілдер мен технологияларды өзгертуге, жаңа әдістер мен тәсілдерді меңгеруге бағытталған курстарға жүйелі түрде қатысу. Сонымен қатар тек ғылыми тұрғыдан дәлелденген, тексерілген әдістемелерге сүйену қажет.

4. Білім беру үдерісін ізгілендіруге бағдарлану.

5. Баланың отбасындағы тәрбиесі мен өмір сүру жағдайларын зерттеу. Ата-аналардың балаға ықпал ету тәсілдерін анықтау. Мысалы, әлеуметтік жағдайы қолайсыз отбасылардан шыққан балалар көбіне жоғары дауыспен сөйлесуге үйренгендіктен, сыпайы қарым-қатынасты әлсіздік ретінде қабылдауы мүмкін. Олар өз әрекеттерінің мәнін толық түсінбеуі ықтимал және педагогпен шамадан тыс еркін, бейресми қарым-қатынас орнатуы мүмкін, мұны олар қорлау ниетімен жасамайды. Мұндай жағдайда балаға дұрыс қарым-қатынас мәдениетін түсіндіру қажет.

Бұл ретте педагогтың сөйлеу мәнері маңызды: қарапайым, түсінікті, күрделі емес сөйлемдермен қысқа, нақты, сенімді түрде, артық эмоциясыз, оның ішінде аяушылық білдірмей сөйлеу керек. Себебі мұндай балалар аяушылықты да жағымсыз қабылдауы мүмкін. Сонымен қатар педагог тым салқын немесе шамадан тыс тікелей болмауы тиіс. Ал егер бала керісінше еркелетіп өсірілген болса, онда басқа педагогикалық тактиканы қолдану қажет.

Осылайша, шығармашылық қабілеті жоғары дарынды оқушылардың табысты бейімделуіне жағдай жасау әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу ерекшеліктерімен, педагогикалық шынайылықтармен (үшінші буындағы мемлекеттік білім беру стандартына көшу), сондай-ақ балалардың педагогпен және ұжым ішіндегі қарым-қатынас сипатымен айқындалады.

Әлеуметтік бейімделудің табыстылығы баланың тұлғалық қасиеттеріне, оның әлеуметтік ортасының жағдайына, сондай-ақ педагогтың тәрбиелік қызметті жүзеге асыру барысында таңдаған әдістері мен тәсілдеріне байланысты.

Қорытындылай келе, балалардың әлеуметтік бейімделуі деп – бұл олардың тұлғалық дамуының маңызды көрсеткіші. Бұл процесс үздіксіз сипатқа ие және бала өмірінің барлық кезеңдерінде жүзеге асады. Әлеуметтік бейімделуді тиімді қалыптастыру үшін отбасы, мектеп және қоғам бірлесе әрекет етуі қажет. Білім беру ұйымдарында қолайлы психологиялық орта құру, тиімді педагогикалық әдістерді қолдану және ата-аналармен тығыз байланыс орнату – баланың табысты әлеуметтенуінің негізгі шарттары болып табылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <http://lib.mgppu.ru/OpacUnicode/index.php?url=/notices/index/IdNotice:16254>

[1/Source: default](#) (Қаралған күн: 09.03.2025ж.).

2. Вишняков, С.М. Профессиональное образование: Словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика / С.М. Вишняков. – М.: НЦМ СПО, 1999.

3. Реан А.А. К проблеме социальной адаптации личности / А.А. Реан // Вестник СПбГУ. Сер. 6. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 1995. – № 20. – С. 93.

4. Слостенин В.А. Педагогика: учеб. пособие для студентов высш. учеб. заведений / В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; под ред. В.А. Слостенина. – 7-е изд., стер. – М.: Издат. центр «Академия», 2007. – 576 с.

5. Тулькибаева Н.Н. Педагогика: взаимосвязь науки и практики в условиях модернизации образования / Н.Н. Тулькибаева, З.М. Большакова. – Челябинск: Изд-во ЧГПУ, 2008. – С. 141–147.

6. Судаков В.Н. Адаптация личности: Философско-социологический анализ: дис. ... канд. филос. наук / В.Н. Судаков. – Свердловск, 1983. – 170 с.

7. Петровский, А.В. Личность. Деятельность. Коллектив / А.В. Петровский. – М.: Политиздат, 1982. – 255 с.

8. Газман, О.С. Педагогическая поддержка детей в образовании как инновационная проблема / О.С. Газман // Новые ценности образования: десять концепций и эссе. – М.: Инноватор, 1995. – Вып. 3. – С. 58–64.

9. Мякотина Л.М. Особенности социальной адаптации и социализации творчески одаренных школьников / Bulletin of the South Ural State University. Ser. Education. Educational Sciences. 2017, - vol. 9, № 4, - pp. 34–41